

# СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ



## ВОСПИТАНИЕ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА У СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

### ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ – ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТӘРБИЕ

*Абдиркенова А.К., Айдархан Ж.Ж.,*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.*

Қазір әлемдік аралас-құралас күшейіп, жаһандану үрдісі қарқын алған сайын дүние жүзі халықтары өздерінің ұлттық төлтумалығын сақтап қалуға, отаншылдық сезімдерін шыңдай түсуге айрықша көңіл бөлуде. Әсіресе, білім беру жүйесінде этнопедагогика (халықтық педагогика) атау-ұғым ретінде ғана емес, білім беру мен тәрбиенің өзекті ұстанымына айналууда.

Халық педагогикасы – халқымызда ертеден жинақталған игі істердің зерделі ұрпақтың болашағына дұрыс жөн сілтеп, нақты бағыт беріп, олардың зиялылар санатына қосылып, әдемі отау тігіп, баянды бақыт құруына септігін тигізетін ежелгі үлгі, қанатты да қадірменді сөз, байырғы қасиетті де киелі дәстүр.

Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы. Ол халықтық педагогиканы ғылыми педагогикамен байланыстырып отыратын өткел іспеттес ғылым.

Халықтық педагогика отбасылық тәрбиеден басталып, ел – жұрт, ауыл – аймақ, тіпті бүкіл халықтық қарым- қатынастан берік орын алған тәлім – тәрбиенің түрі. Ендеше, халық педагогикасы қоғам дамуының барлық сатыларынан өтіп, тәжірибеде жүйеленіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі, алтын діңгегі болып келгені даусыз. Халық педагогикасы – халықтардың ғасырлар бойы тәрбиелеу тәсілдеріне негізделген бай тәрбиесінің жиынтығы. Этнопедагогика – халық педагогикасының ұрпақ тәрбиелеудегі тағылымдарын ғылыми жүйеге келтіріп зерттейтін ғылыми педагогиканың бір саласы. Отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген, саналы жасты тәрбиелеу. Сондай-ақ, халықтық тәрбие түрлерін жас бүлдіршіндердің бойына сіңіртіп ілім, білік дағдыларын дамыту, сөйтіп дене еңбегіне де, ой еңбегіне де қабілетті, жан-жақты жетілген азамат етіп шығару. Ол басқа тәрбиелермен қатар жүргізіліп, жастардың қайрат-жігерін, ақыл-ойын халықтың өнер туындылары негізінде оқытып, тәрбиелеу арқылы іске асырылады. Халық педагогикасы бала денсаулығы мен денесінің жетілуі жөніндегі қамқорлық ақыл-ой мен еңбекке дайындық, саналы адамгершілік-эстетикалық тұрғыда бағыттау, мінез-құлықты реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеу, яғни тұлға қалыптастырудың бүкіл жетекші бағыттарын қамтиды. Халықтық педагогикада бала дүниетанымын қалыптастырудың және оның ақыл-ойын дамытудың бастау кезі ретінде ең алдымен оның қоғамға, қоршаған дүниеге «Арманы жоқ жас-қанатсыз қарлығаш» – дейді халық. Халық ұрпақты ақыл-ойды өздігінен жетілдіруге үндейтін терең және танымдық процестер жиынтығы екендігін дұрыс болжайды.

Халық тәрбиешілері үйрену, оқуды адам бүкіл жаңаны ерекше қабылдағыш балалық шақтан бастаса, мақсатқа лайықты болатындығына, алынған білімі өмір бойына игілікті қызмет ететіндігіне тәжірибеде көз жеткізді. Баланың ақылын тәрбиелеу оның танымдық қабілеттерін жан-жақты дамыту, әртүрлі түсінулердің кеңдігі мен сезімталдығын, байқағыштықты, естің түрлерін жаттықтыруды, ойдың елестетуін ынталандыруды талап етеді. Мысалы: жұмбақтар халық педагогикасында осы талапты жүзеге асырудың аса құнды дидактикалық материалы болып табылады. Олар баланың ойлауын дамытуға ықпал жасайды.

Халық педагогикасының мақсаты: бірнеше ғасырларға созылған халық тәжірибесіне сүйене отырып, болашақ ұрпақты еңбекке, өмірге ең жоғарғы адамгершілік, имандылық қасиеттерге тәрбиелеу. Халық педагогикасының негізінде халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халық ойындары, үйелмен тәжірибелері т.б. жатады. Демек, халық педагогикасы-ғасырлар бойы өмір тәжірибесіне негізделген ұрпақ тәжірибесіндегі дәстүрлердің жиынтығы. Халық педагогикасының құрамды бөліктері қазақтың ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер т.б. ерте заманнан бастап, жас өспірімдердің ой-өрісін, зеректігін анықтау үшін тәрбие құралы ретінде қолданып келді.

«Тәрбиені саналы ұғынуда» педагогиканың басты міндетін негіздей отырып, С.И. Гессен біздің республикамыздың тәуелсіздігін алуымен байланысты: «жастық жақ – бұл «қазіргі әлемдегі болашақтың аралы», осы болашақтың өзіндік құндылығы бар, оның алдында қазіргі кездің қазіргі кездің құндылығы бас июі қажет», – деген өзектілігі соңғы жылдары арта түскен пікірін білдіреді. Сондықтан С.И. Гесенің сөзімен айтсақ, «шынайы білім беру жаңа ұрпаққа дайын мәдени мазмұнды беруде ғана емес, сонымен бірге жаңа ұрпаққа мәдениеттің жаңа өзіндік мазмұнын қайта өңдей және жалғастыра алатын жолды көрсетуден тұрады». Халықтың рухани өмірін анықтаушы жәйттер еңбектен, табиғаттан, ішкі дарындылықтан, табиғилықтан және адамгершіліктен туындады. Және дәл осылар тәрбиенің нағыз халықтық сипаттарын айқындап берді.

Халықтық педагогикалық көзқарастарын жүзеге асыру жұмысын мақсатқа сай қамтамасыз ету мен тәрбие дәстүрлерін бекіту, оларды нақтылау, толықтыру және жетілдіруге көмегін тигізген жеке сынақ әдісі ел арасына кеңінен мәлім болды. Халықтық тәрбиенің демократиялық мәні оның негізі идеяларының, формаларының, құралдарының және т.б. сабақтастығын қамтамасыз етеді. Олардың өзінің дамушы табиғатына сай ұрпақтан ұрпаққа кеңейіп, байып және түрін өзгертіп ауысып отырады.

Халықтық тәрбие түрлері халықтың әлеуметтік өмірінің бүкіл өзге салаларымен, сенім-нанымдарымен дәстүрлерімен, салттары және әдет-ғұрыптарымен, шаруашылық кәсібі түрлерімен, қоғамдық тәртіп қалыптарымен ажырамас бірлікте алға шығады.

Қазақ халқы тәрбиесінің бала тәрбиесіне қойылатын талаптары. Жаңа ұрпақ әлеуметтік және ұлттық ортада тәрбиеленеді. Ол жастайынан әлеуметтік және ұлттық ортада тәрбиеленеді. Ол жастайынан әлеуметтік-экономикалық қатынастарға араласып, халықтың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, өмір-салты, мәдениеті ықпалымен өседі. Бала аға ұрпақтың тілін меңгеріп, оның рухани құндылықтарына бауыр басып, мінез-құлқын бойына сіңіреді. Адам мінезіне ұлтының, басқа ұлттардың, барша адамзаттың, таптың мінез-құлық, жүріс-тұрысы әсер етеді.

Жетілген адамды қалыптастыру-халықтық тәрбиенің қозғаушы күші. Өзін-өзі жетілдіру-адам табиғатындағы биік құндылықтарының бірі.

Жетілген адам тәрбиелеудің халықтық бағдарламасы көпқырлы және кең. Жастардың тұлғалық бейнесін қалыптастыруға бүкіл халық өмірі ықпал етті: бәрі тәрбиеледі, барлығы тәрбиеледі, бәрін тәрбиеледі. Тәрбие қоғамның экономикалық өмірі мен рухани өмірі арасын байланыстырушы ретінде алға шықты. Тұтас алғанда халықтың материалдық және рухани өміріндегі педагогикалық мәдениетінің ерекше хал-ахуалы осымен түсіндіріледі.

Халықтық педагогика жетілген адам тәрбиелеуді белсенді әрекетсіз болжамайды. Жеткіншектің сезімі мен санасына ықпал етудің кешенді шаралары оның өмірі мен әрекетін ұйымдастырудың саналуан түрімен сәйкес келеді. Жастардың өмірін ұйымдастырудың жиынтық түрлеріне көптеген салттар мен дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен мерекелерді жатқызуға болады.

Қазақ халқының құндылық-нормативтік құндылықтарында тәрбие мақсаты «жан-жақты даму» ұғымымен байланысты «Сегіз қырлы қырлы, бір сырлы адамды тәрбиелеу» деген басты, ізгі нақыл сөзде белгіленген. Сегіз қырлы жастарға арналған өсиет, ақыл сөз. Жастар дүниедегі білімдерді ақылмен меңгеру керек.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей үлкендердің, ата-аналардың жеке басының үлгі өнегесі балалар тәрбиесіндегі ұтымды әдістің бірі болды. Ата-ананың асыл адамгершілік қасиеттері, еңбектері, іс-әрекеттері, отбасындағылармен қарым-қатынасы, туыстар, дос-жолдастар, таныстар арасындағы қатынасы, дүние- мүлікке, өнердің түріне көңіл бөлуі, той-думан, ойын сауықтарға қатысуы балаларға өнеге болумен бірге олардың жеке адамдық қасиеттерінің дұрыс қалыптасып, жетілуіне тікелей ықпал етті.

Бала тәрбиесіне байланысты әр ата-ананың өзіндік ережесі қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша айтылған заң тәрізді жалғасып отырған. Өз халқының әдет-ғұрыпын білу, сақтау арқылы қалыптасады. Тәрбиенің негізі адамгершілік асыл қасиеттердің дұрыс қалыптасуы отбасындағы өзара қарым-қатынасқа, ата-аналардың күнделікті тыныс-тіршілігіне, эстетикалық талғамы мен мәдениет деңгейіне байланысты. Өйткені бала отбасында естіген-көргендерінің бәрін бойын сіңіріп, ата-аналарының жағымды-жағымсыз қылықтарына еліктейді. Халықтың ұғымынша, бала өз ата-анасына еліктеу арқылы олардың жағымды-жағымсыз қасиеттерін, мәнерін, қылықтарын мұра етіп алады.

Халықтың игі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иманжүзділік – барлық мәдени үлгі өнегелі іс-әрекеттердің көрінісі – әдеп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерін айқындап, дәлелдей келе, халықты рухани тазалығы жағынан алып, қазақ халқын әдепті, яғни қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады. Этнопедагогикадағы салт-дәстүрлердің ұлттық санаға сіңіп, біржола заңдандырылуы – салт-сана деп аталынады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер сол ұлттың ой санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қозғаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абырой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Халықтық педагогиканың құрамдас бөліктері: әдет-ғұрып, таным, наным, ұғым, салт-сана және дәстүрлер.

Қорыта келгенде, халық педагогикасында тәрбие берудің қазіргі заманға тән талабы өзге мәдениетті тану, онымен өзін байыта түсу секілді іс-әрекетпен байланысты. Мәдениеттердің өзара ұштастығы, әсері жағдайында ғана әрбір жекеленген мәдениеттердің принциптері мен ерекшеліктері айқын толыға береді. Этномәдени тәрбие оқыту мен тәрбие жүйесінің жай ғана бөлшегі емес, мәдени және тілдік саналуандық идеяға негізделген техникалық және ақпараттық жарақтанудың әлемдік деңгейін дәстүрлі мәдени құндылықтармен үйлестіретін оқыту мен тәрбиенің ұлттық жүйесін құру дегенді білдіреді.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Қалиұлы С. Этнопедагогика. – А., 2003.
- 2 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – А., 2001.
- 3 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – А., 1995.

### **ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ КАК ЧАСТЬ ГОСУДАРСТВЕННОЙ МОЛОДЁЖНОЙ ПОЛИТИКИ**

*Айдналиева А.Т., Разуваева М.В.,*

*Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай*

В настоящее время одной из острейших проблем является воспитание патриотизма. В самом широком понимании патриотическое воспитание – это процесс взаимодействия воспитателей и воспитанников, направленный на развитие патриотических чувств, формирование патриотических убеждений и устойчивых норм патриотического поведения. Патриотическое воспитание обладает высоким уровнем комплексности, то есть охватывает своим воздействием все возрастные категории обучающихся, все стороны жизни и взаимодействия личности с окружающим миром.